

«Алматы жастары» бағдарламасы басталды

«Алматы Жастары» бағдарламасы шеңберіндегі өтініштер мен құжаттарды қабылдау 2024 жылдың «29» шілдесі мен «7» тамызы аралығында жүргізіледі.

Бағдарлама шарттары:

- Қарыздың ең жоғары сомасы – 18 млн. теңгеге дейін
- Пайыздық мөлшерлеме – 5%
- Бастапқы жарна – 10%
- Алынатын тұрғын үй – бастапқы және қайталама тұрғын үй, немесе «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ-ның кепілдігі болған жағдайда қолданысқа енгізілген/салынып жатқан тұрғын үй – үлестік қатысу
- «Отбасы Банкі» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес төлем қабілеттілігін растау
- Қамту – кемінде 1200 адам

Несиені қалай алуға болады?

1. Өтініштер мен құжаттарды қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруды жариялау
2. ЭЦҚ-ның болуы. Өтінімдерді веб-сайтта беру
3. 30 жұмыс күні ішінде құжаттарды тексеру және ұпайларды есептеу
4. Ұпайлар бойынша таңдалған қатысушыларға веб-сайттағы жеке кабинетке жолдама беру
5. Банктегі Қатысушылардың төлем қабілеттілігін бағалауды жолдаманы алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде аяқтау
6. Қатысушының 45 күнтізбелік күн ішінде қолайлы тұрғын үйді іздеуі (Банктен рұқсат алғаннан кейін)
7. Несиені рәсімдеу және беру